Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 207 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.20 № 429 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 57, 551-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары ғылыми-техникалық комиссия туралы ережеде:

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының ғылымы және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" деген сөздер "Ғылым туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың бірінші абзацындағы "қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі" деген сөздер "кемінде екі айда бір рет өткізеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 20 ақпандағы
N 207 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 20 желтоқсандағы

N 1946 қаулысына
2-қосымша

## Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның Құрамы

Марченко Григорий Александрович - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға

Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төрағаның орынбасары

Ергешев Розмат Байташұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі, хатшы

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Дробжев Виктор Иванович - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ионосфера институтының директоры

Дунаев Арман Ғалиасқарұлы - "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі

Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі

Жұрынов Мұрат Жұрынұлы - "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

Келімбетов Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі

| | |
|---|---|
| Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі |
| Қадыржанов Қайрат Кемелұлы | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы Ядролық физика институтының директоры |
| Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің ректоры |
| Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы | - "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісім бойынша) |
| Өмірбаев Уалбай | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі |
| Школьник Владимир Сергеевич | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК